



## МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Сізге, экологиялық мәселелерге қызығушылық танытатын, зерттеу қабілеті жоғары дарынды оқушыларды анықтау және қолдау мақсатында 2026 жылдың 22 сәуір күні 5-8 сынып оқушыларына арналған аудандық «Eco-Future» экодизайнерлер байқауы сырттай ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі, қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу туралы сұраныстар 2026 жылдың 21 сәуір күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Осыған орай, байқаудың ережесі қосымша жолданады.

Қосымша: 4 парақта

Басшының міндеттерін  
уақытша атқарушы

Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Ногайбаева

Тел: 2-14



«БЕКІТЕМІН»  
Т.Рысқұлов ауданының  
Білім бөлімінің басшысының  
міндеттерін уақытша атқарушы  
Б.Самылтыров  
«31» наурыз 2026 ж.

## Аудандық «Eco-Future» экодизайнерлер байқауының ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер

1. Осы ереже аудандық «Eco-Future» экодизайнерлер байқауының мақсаты мен міндеттерін, қатысушыларға қойылатын талаптар және байқаудың өткізу тәртібін белгілейді.
2. Байқауды ұйымдастырушы-Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі

### II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- 2.1. **Байқаудың мақсаты** – оқушылардың қоршаған ортаны қорғауға, өз туған өлкесінің экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған дизайнерлік қабілетін ойлау әлеуеті мен қоғамдық белсенділігін дамыту.
- 2.2. **Міндеттері:**
  - Оқушылардың экологиялық саласындағы бастамалары мен тың идеяларын анықтау.
  - Қатысушылардың ұйымдастырушылық және дизайнерлік қабілеттерін дамыту.
  - Оқушылардың қоршаған ортаның жай-күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесін қалыптастыру.

### III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

- 3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- Байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;
- Байқауды өткізу күнін белгілейді;
- Байқауға қатысу үшін өтінімдерді және қажетті материалдарды қабылдайды;
- Қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;
- Іс-шараның түрлерін анықтайды;
- Байқау нәтижесін талдайды және қорытындылайды;

#### **IV. Байқаудың бағалау критерийлері**

4.1. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:

- макет үлгісінің тақырыпқа сай болуы;
- тақырыптың мазмұны экологиялық негізде толық ашылуы;
- макеттің экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталғандығы;
- ұсынылған жұмыс идеясының өзектілігі мен жаңалығы;
- жұмыстың нақты және маңызды нәтижелерінің болуы;
- жұмыс өтінімінің мәдени-эстетикалық деңгейінің жоғары болуы.

#### **V. Байқаудың қатысушылары**

5.1. Байқау білім беру ұйымдарының 5-8 сынып оқушылары қатыса алады. Әр мекемеден сынып бойынша 4 жұмыстан қабылданады. Яғни, 5 сыныптан-1 оқушы, 6 сыныптан-1 оқушы, 7 сыныптан-1 оқушы, 8 сыныптан-1 оқушыдан қатыса алады.

5.2. Байқау қазақ және орыс тілдерінде өтеді.

#### **VI. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

6.1. Байқау 2 кезең бойынша өткізіледі:

1. бірінші кезең - аудандық 2026 жылдың 22 сәуірінде өткізіледі.
2. Облыстық кезеңге аудандық байқаудың жеңімпаздары қатысады.

## **VII. Байқауды өткізу шарттары мен жалпы талаптары**

7.1. Байқау сырттай өткізіледі.

7.2. Байқау қоршаған ортаны сақтауға бағытталған экологиялық акциялар мен табиғатты қорғау іс-шараларды көрсететін экодизайнерлер байқауы болып табылады. Қатысушылар өз туған өлкесінің экологиялық ахуалын жақсартатын «**Менің болашақ эко-қалам**» тақырыбында өз қиялындағы экодизайнерлік макетін ұсынады (оқушының макет жасау барысын видеоға түсіру қажет).

**7.3. Бейнероликке қойылатын талаптар:**

- бейнеролик форматтары: MPEG4, AVI.
- бейнероликтің бастапқы кадрында жұмыстың атауы мен автордың аты-жөні, ауданы, мектеп атауы көрсетілуі тиіс;
- бейнероликтің эстетикалық және техникалық деңгейінің сапалы болуы.

7.4. Байқауға қатысушылардың сұраныстарын **2026 жылдың 21 сәуіріне дейін** электрондық түрде [abb\\_gauharjan@mail.ru](mailto:abb_gauharjan@mail.ru) электронды поштасына жолдауларыңызды сұранамыз. Байланыс телефоны: 87087157381 (*Ногайбаева Гаухар Жанатқызы – аудандық білім бөлімінің әдіскері.*)

**Ескерту: Сұраныстың электронды нұсқасы жоғарыда көрсетілген почтаға жолдануы тиіс. Сондай-ақ, сұраныстың қағаз жүзінде нұсқасын білім бөліміне жауапты әдіскер Г.Ногайбаеваға өткізілуі тиіс.**

Сұраныстың ішіне ютуб арнасына жүктелген бейнероликтің сілтемесі орналастырылады. 2026 жылдың 21 сәуірінен кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

7.5. Байқаудың шарттарын бұзу фактілері мен антиплагиат жағдайы анықталса, қатысушы жарыстан шығарылады.

## **VIII. Байқаудың қорытындысын шығару және марапаттау**

8.1. Байқаудың қорытындысын әділ-қазы алқалары шығарып, үздік жұмыстарды анықтайды.

8.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Бөлімінің басшының міндеттерін  
уақтыша атқарушы  
Б.Самылтыровка

5-8 сынып оқушыларына арналған «Eco-Future» экодизайнерлер байқауының  
аудандық кезеңіне қатысатын оқушылардың тізімі

№	Оқушының аты-жөні	ЖСН	«Менің болашақ эко-қалам» макеті /Ютуб арнасына жүктелген сілтемесі/	Мектебі	Сыныбы	Жетекшінің аты-жөні	ЖСН	Байланыс номері
1								

Мекеме басшының қолы мен мөрі

Орындаған: